

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**«Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне
мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген
аудиттің нәтижелеріне**

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2024ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**Түркістан облысы бойынша
тексеру комиссиясының
02.07.2024 жылы №13-Қ
қаулысымен бекітілді**

**«Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне
мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген
аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу».

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығына және негізділігіне аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1. «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Қаржы басқармасы*), оның ішінде үстеме тексеру:

1) «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы*);

2) «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Мәдениет және туризм басқармасы*);

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2023 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығы

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Кодексінің 117 бабының 1 тармағына сәйкес қаржылық есептілік мемлекеттік мекеменің қаржылық жағдайы және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпаратты білдіреді. Сонымен қатар, Бюджет кодексінің 117 бабының 2 тармағына сәйкес мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі: бухгалтерлік балансты, қаржы қызметінің нәтижелері туралы есепті, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепті, қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

Бюджет кодексінің 118-бабының 1-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті

уәкілетті органдар орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға міндетті.

«Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 444 бұйрығымен бекітілген Есеп саясатының 13 тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілік нысандарына және оларды жасау мен ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – № 468 бұйрықпен бекітілген қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық есептілік жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (бұдан әрі – ББӘ) және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті органның қаржылық есептілікті жасауы және бухгалтерлік есепті жүргізуі мынадай нормативтік құқықтық актілермен регламенттелген:

-Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» (бұдан әрі – *Бюджет Кодексі*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» (бұдан әрі – *№393 Қағида*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығымен бекітілген «Есеп саясаты» (бұдан әрі – *№444 Есеп саясаты*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары» (бұдан әрі – *№281 Есепке алу шоттарының жоспары*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидалары» (бұдан әрі – *№468 Қағида*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары» (бұдан әрі – *№630 Қағида*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №640 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидалары» (бұдан әрі – *№640 Қағида*);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі» (бұдан әрі – №540 Ереже);

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы №423 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидасы» (бұдан әрі – №423 Қағида);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 2 тамыздағы №390 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомы» (бұдан әрі – №390 Нысандар альбомы);

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы №340 бұйрығымен бекітілген «Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидалары» (бұдан әрі – №340 Қағида);

-Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі» (бұдан әрі- Азаматтық Кодекс);

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы (бұдан әрі-№434 Заң)

Қаржылық есептілік жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігінің аудитін жоспарлау кезінде баптар бұрмаланудың орташа тәуекелі анықталатын маңызды болып жіктеледі. Елеулі деп жіктеледі, олар бойынша бұрмаланудың орташа тәуекелі айқындалады.

Қаржылық есептілік нысандарын жасаудың дұрыстығын бағалау үшін кіріс және шығыс сальдо аудиті, қаржылық есептілік нысандарының элементтері арасындағы сәйкестікті тексеру, қаржылық және бюджеттік есептіліктегі деректерді салыстыру жүзеге асырылды, қаржылық есептілік баптары мен тиісті ескертпелер форматқа белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі (бұдан әрі – ББӘ ШҚЕ) – бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің бірыңғай ұйымның қаржылық есептілігі ретінде ұсынған қаржылық есептілігі.

ББӘ ШҚЕ №640 қағидаларға сәйкес дайындалады.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ББӘ ШҚЕ нысандардың толық көлемінде ұсынылған және оған мыналар кіреді:

- жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (ШҚЕ-1 нысан);
- жылдық қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-2 нысан);

- жылдық ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) (ШҚЕ-3 нысан);
- жылдық таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп (ШҚЕ-4 нысан);
- жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (ШҚЕ-5 нысан).

Түркістан облысының 2023 жылға арналған жергілікті бюджетінің атқарылуы туралы жылдық ШҚЕ қалыптастыру ББӘ-нің ШҚЕ-ті (өз кезегінде ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігін шоғырландыратын) және Түркістан облысының аудандары мен қалаларының шоғырландырылған есептерін шоғырландыру жолымен жүзеге асырылады.

Қаржы басқармасы мемлекеттік органдар қаржылық есептілікті жасау және ұсыну кезінде қолданатын принциптерді, негіздерді, ережелерді, ережелер мен тәжірибелерді қамтитын есеп саясатын басшылыққа алады. Бухгалтерлік есептегі операциялар мен оқиғалар шоттар жоспарының негізінде көрсетіледі, шығыстар сметасының бухгалтерлік есебі бухгалтерлік есептің мемориалдық-ордерлік нысаны бойынша жүзеге асырылады. Қаржы басқармасы бюджеттік мақсаттарға сәйкес жүйелерде көзделген сыныптау (бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік) бойынша шығыстарды жүргізеді.

Жылдық қаржылық есептілік үшін Есепті кезең қаржы жылы болып табылады, жылдық қаржылық есептілік ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалады.

Аудит объектісінің қызметін зерделеу аудит объектісінің бухгалтерлік есеп жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына жауап беретіндігін, сол арқылы бухгалтерлік есепті тиісінше жүргізудің және сенімді қаржылық есептілікті дайындаудың белгілі бір деңгейі қамтамасыз етілетіндігін көрсетті.

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 мамырдағы №94 қаулысымен бекітілген ережесіне сәйкес, Түркістан облысы қаржы басқармасы облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және облыстық меншігін басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мемлекеттік органның міндеттерінің бірі облыстық бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті дайындау және әзірлеу, облыстық коммуналдық меншікті басқару бойынша жұмысты ұйымдастыру болып табылады.

Мемлекеттік органның функцияларына облыстық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру, жергілікті бюджеттердің атқарылуын қамтамасыз ету, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттер бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу, бюджеттік мониторинг жүргізу, облыстық бюджеттің атқарылуын бюджеттік есепке жүргізу, облыстық жергілікті атқарушы органның борышын өтеу және қызмет көрсету, бюджеттік

кредиттің тіркелуін, есепке алынуын және мониторингін жүзеге асыру, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдары белгілеген тәртіпте бюджет есептілігін жасау және ұсыну, облыстық бюджет пен облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті, сондай-ақ ШҚЕ жасау, өз құзыреті шегінде облыстық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобасын әзірлеу, облыстық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру, оның тиімді пайдалануын қамтамасыз ету, облыс әкімдігіне қарасты жүз пайыз акциясымен (үлесімен) жауапкершілігі шектеулі серіктестер, акционерлік қоғамдар және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг жүргізу, облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру, облыстық коммуналдық меншікті жекешелендіруді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүлікті жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, облыстық коммуналдық мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру, коммуналдық мүлікті жергілікті басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру, басқарманың қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу Түркістан облысы әкімдігінің бағалы қағаздарын шығаруды іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің мониторингін жүзеге асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде құрылған объектілерді коммуналдық меншікке қабылдау жұмыстары болып табылады.

Түркістан қаржы басқармасының ШҚЕ-ке облыстық ББӨ, аудандық ББӨ кіреді.

2023 жылы 27 облыстық басқармалар және 17 аудан, аудандық маңызы бар қала бойынша 1604 мекеме шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген.

«Жылдық шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» нысаны қаржылық жағдай, активтер, міндеттемелер және таза активтер/капитал туралы есеп болып табылады.

Қаржы басқармасы №640 Қағидалардың 54-тармағына сәйкес «КББ ЖБ» ҚФБ белгіленген нысаны бойынша облыстың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚФБ-1 нысанының бухгалтерлік балансы кестеде көрсетілген:

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің	Есепті кезеңнің
----------	-------------	--------------------	--------------------

		басында	соңында
1	2	3	4
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	010	7781615,1	15553949,4
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	0,0	0,0
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012	2 546 542,5	2 361,7
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	013	26 090,7	942 360,0
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	014	0,0	1 200,9
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	015	0,0	0,0
Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	016	0,0	0,0
Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	017	5 006,3	1 785 644,8
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	018	0,0	0,0
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	019	115 336,5	860 299,1
Қорлар	020	9 757 168,8	16 754 956,0
Берілген қысқа мерзімді аванстар	021	758 943,9	56 306 087,0
Өзге қысқа мерзімді активтер	022	2 068,3	7 586,6
Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек	023	12 509 101,3	8 990 000,4
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100	33 501 873,4	101 204 445,9
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	110	287 663 583,6	346 229 041,0
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	111	0,0	0,0
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	112	0,0	0,0
Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	113	195 234,7	195 234,7
Негізгі құралдар	114	686 107 823,8	803 670 030,0
Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	115	371 124 572,6	408 135 093,6
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	116	224 822,3	219 515,3
Биологиялық активтер	117	3 927 597,6	8 237 186,5
Материалдық емес активтер	118	1 264 454,6	1 049 442,8
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	119	0,0	0,0
Өзге ұзақ мерзімді активтер	120	0,0	14 336,0
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	200	1 350 508 089,2	1 567 749 879,0
Баланс		1 384 009 962,6	1 668 954 325,8
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210	0,0	12,7
Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	211	757 401,9	39 372,3
Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	212	3 928,9	39 200,3
Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	213	2 986 505,1	460 800,9
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа	214	4 284,0	29 185,4

мерзімді кредиторлық берешек			
Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	215	4 009 157,2	5 409 623,9
Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	216	0,0	3 661,2
Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	217	0,0	0,0
Қызметкерлер және өзге де есеп беретін тұлғалар алдында қысқа мерзімді кредиторлық берешек	218	12 204 39,0	16 476 923,9
Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар	219	0,0	42 555,4
Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	220	0,0	0,0
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	221	2 631 212,3	3 664 977,4
Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	222	0,0	0,0
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері	223	0,0	0,0
Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	224	28 149 014,5	35 594 275,6
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	300	50 745 832,9	61 760 589,0
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310	206 084 576,1	210 362 499,8
Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	311	0,0	0,0
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	312	0,0	1 779 318,9
Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	313	154 475 303,7	192 250 295,2
Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелер	314	0,0	0,0
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	315	0,0	0,0
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	400	360 559 879,8	404 392 113,9
V. Таза активтер/капитал			
Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру	410	0,0	0,0
Резервтер	411	4 481,4	4 481,4
Жинақталған қаржылық нәтиже	412	972 699 768,5	1 202 797 141,5
Таза активтер/капитал жиыны	500	972 704 249,9	1 202 801 622,9
Баланс		1 384 009 962,6	1 668 954 325,8
Баланстан тыс шоттар			
Жалға алынған активтер	610	59,4	0,0
Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар	620	0,0	0,0
Қатаң есептегі бланктер	630	6 760,2	6 495,6
Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі	640	0,0	0,0
Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі	650	0,0	0,0
Өтпелі спорттық жүделер мен кубоктар	660	0,0	0,0
Жолдамалар	670	0,0	0,0
Әскери техниканың оқулық құралдары	680	0,0	0,0
Мәдени мұра активтері	690	0,0	0,0
Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлік	700	0,0	0,0
Қызметкерлердің оқу бойынша берешегі	710	0,0	0,0

Жоғарыда келтірілген кестеден 2023 жылғы баланс валютасының 20,6% - ға немесе 284 944 363,2 мың теңгеге ұлғаюы байқалады. Мәселен, егер жыл басында баланс валютасы 1 384 009 962,6 мың теңгені құраса, жыл соңында – 1 668 954 325,8 мың теңге.

2023 жылы активтердің негізгі құрамдас бөліктері ұзақ мерзімді активтер болып табылады, олардың үлесі жыл басында 97,6% немесе 1 350 508 089,2 мың теңгені, жыл соңында – 93,9% немесе 1 567 749 879,9 мың теңгені құрады. Жыл басындағы баланс валютасындағы қысқа мерзімді активтердің үлес салмағы 2,4% немесе 33 501 873,4 мың теңгені, жыл соңында – 6,1% немесе 101 204 445,9 мың теңгені құрайды.

I бөлімде «қысқа мерзімді активтер» бөлімінде ақша қаражаттары мен олардың баламалары, қаржылық инвестициялар, қысқа мерзімді дебиторлық берешек, қорлар және өзге де активтер көрсетіледі.

Қысқа мерзімді активтер құрылымында ең көп салмақты берілген аванстар құрайды, мысалы, жыл басында – 2,3% немесе 758 943,9 мың теңге, жыл соңында – 55,6% немесе 56 306 087,0 мың теңге, қорлар - жыл басында- 29,1% немесе 9 757 168,8 мың теңге, жыл соңына - 16,6% немесе 16 754 956,0 мың теңге, салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек - жыл басында – 37,3% немесе 12 509 101,3 мың теңге, жыл соңына – 8,9 % немесе 8 990 000,4 мың теңге.

II бөлімінде «Ұзақ мерзімді активтер» қаржылық инвестициялар, ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар, инвестициялық жылжымайтын мүлік, биологиялық активтер, материалдық емес активтер және басқа да ұзақ мерзімді активтер көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді активтер құрылымындағы негізгі үлесті негізгі құралдар алады, мысалы, жыл басында – 50,8% немесе 686 107 823,8 мың теңге, жыл соңында – 51,3% немесе 803 670 030,0 мың теңге, қаржы инвестициялары - жыл басында – 21,3% немесе 287 663 583,6 мың теңге, жыл соңында – 22,0% немесе 346 229 041,0 мың теңге және аяқталмаған құрылыс жыл басына – 27,5% немесе 371 124 572,6 мың теңге, жыл соңына – 26,0% немесе 408 135 093,6 мың теңге.

ББӨ-нің 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің негізгі көрсеткіштері бойынша осы аудиторлық қорытындының №1 қосымшасында көрсетілгендей 2023 жылы Түркістан облысының активтері 1 668 949 349,8 мың теңгені, міндеттемелер 520 534 593,2 мың теңгені, кірістер 1 470 642 095 594,4 мың теңгені және шығыстар 1 470 328 073 146,0 мың теңгені құрайды.

2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы активтердің 20,6% - ға немесе 284 939 387,2 мың теңгеге, міндеттемелердің 26,6% - ға немесе 109 228 880,5 мың теңгеге ұлғаюы байқалады.

Мәселен, 2023 жылы ЖБ ШҚЕ активтердің негізгі үлесі құрылыс басқармасына (320 521 788,8 мың теңге немесе 19,2%), білім басқармасына

(215 213 505,5 мың теңге немесе 12,9%) және ауыл шаруашылық басқармасына (60 765 064,9 мың теңге немесе 13,0%) тиесілі.

2023 жылғы Түркістан облысының ШҚЕ үшін мәнділік шегі есептелді, атап айтқанда:

-бухгалтерлік баланс бойынша шоғырландырылған баланс және түзетілген баланс валютасы есепті кезеңнің басында 1 384 009 962,6 мың теңге құраса, есепті кезеңнің аяғында 1 668 954 325,8 мың теңге құраған, балансстың орташаландырылған түзетілген валютасы 1 526 482 144,2 мың теңге құрайды;

-қаржылық қызмет нәтижелері бойынша есепті кезеңдегі кірістер 3 340 642 555,2 мың теңге құраса, есепті кезеңдегі шығыстар 2 972 233 240,5 мың теңгені құраған, кірістер мен шығыстардың орташаландырылған көрсеткіші 3 156 437 897,9 мың теңге құраған;

-мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіш 4 682 920 042,1 мың теңге құрап, компоненттер үшін мәнділік шегі (мәнділік деңгейі 2%) 93 658 400,8 мың теңге құрады.

Қаржылық есептілік компоненттердің мәнділік шегін есептеу үшін келесі мекемелерге талдау жүргізілді:

- «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

- «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

- «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Қаржы басқармасының 2023 жылға қаржылық есептілігі бойынша бухгалтерлік балансы есепті кезеңнің басында 100 071 203,0 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғында 123 970 100,3 мың теңгені құрап, өз кезегінде балансстың орташа түзетілген валютасы 112 020 652,05 мың теңгені құрайды. $(100\ 071\ 203,0 + (123\ 970\ 100,3 / 2) = 112\ 020\ 652,05)$

Сонымен қатар, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептілігі бойынша есепті кезеңдегі жалпы кірістер сомасы 1 293 690 325,3 мың теңгені, есепті кезеңдегі жалпы шығыстар сомасы 1 271 544 296,7 мың теңгені құрап, бұл кірістер мен шығыстардың орташа көрсеткіші 1 282 617 311,0 мың теңгені құрайды. $(1\ 293\ 690\ 325,3 + (1\ 271\ 544\ 296,7 / 2) = 1\ 282\ 617\ 311,0)$

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 1 394 637 963,05 мың теңгені құрайды. $(112\ 020\ 652,05 + 1\ 282\ 617\ 311,0 = 1\ 394\ 637\ 963,05)$

Мәдениет және туризм басқармасының 2023 жылға қаржылық есептілігі бойынша бухгалтерлік балансы есепті кезеңнің басында 7 564 786,2 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғында 6 814 949,3 мың теңгені құрап, өз кезегінде балансстың орташа түзетілген валютасы 7 189 867,75 мың теңгені құрайды. $(7\ 564\ 786,2 + (6\ 814\ 949,3 / 2) = 7\ 189\ 867,75)$

Сонымен бірге, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептілігі бойынша есепті кезеңдегі жалпы кірістер сомасы 10 484 392,3 мың теңгені, есепті кезеңдегі жалпы шығыстар сомасы 11 233 708,3 мың теңгені құрап, бұл

кірістер мен шығыстардың орташа көрсеткіші 10 859 050,3 мың теңгені құрайды. $(10\,484\,392,3 + (11\,233\,708,3 / 2) = 10\,859\,050,3)$

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 18 048 918,05 мың теңгені құрайды. $(7\,189\,867,75 + 10\,859\,050,3 = 18\,048\,918,05)$

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының 2023 жылға қаржылық есептілігі бойынша бухгалтерлік балансы есепті кезеңнің басында 42 356 210,0 мың теңгені, есепті кезеңнің аяғында 52 987 451,6 мың теңгені құрап, өз кезегінде баланстың орташа түзетілген валютасы 47 671 830,8 мың теңгені құрайды. $(42\,356\,210,0 + (52\,987\,451,6 / 2) = 47\,671\,830,8)$

Сондай-ақ, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептілігі бойынша есепті кезеңдегі жалпы кірістер сомасы 86 849 647,6 мың теңгені, есепті кезеңдегі жалпы шығыстар сомасы 74 509 932,8 мың теңгені құрап, бұл кірістер мен шығыстардың орташа көрсеткіші 80 679 790,2 мың теңгені құрайды. $(86\,849\,647,6 + (74\,509\,932,8 / 2) = 80\,679\,790,2)$

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 128 351 621,0 мың теңгені құрайды. $(47\,671\,830,8 + 80\,679\,790,2 = 128\,351\,621,0)$

Мәнділік шегі асып түскен мемлекеттік мекемелердің атауы	ШҚЕ-дегі баланс валютасының үлесі, %	ШҚЕ-дегі кірістер үлесі, %	ШҚЕ-дегі шығыстар үлесі, %	Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіш,	Компоненттер үшін мәнділік шегінің мәні, мың теңге	Мәнділік шегінен асып түсуі, есе
1	5	10	12	13	14	15
Қаржы басқармасы	7,43	38,73	42,78	1 394 637 963,05	93 658 400,8	14,89
Мәдениет және туризм басқармасы	0,41	0,31	0,38	18 048 918,05	93 658 400,8	0,19
Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	3,17	2,92	2,51	128 351 621,00	93 658 400,8	1,37

Жоғарыдағы кестеде көрініп тұрғандай, Қаржы басқармасының балансының түзетілген валютасы ШҚЕ баланс валютасының 7,43%-ын құрайды.

Кірістер ШҚЕ баланс валютасының 38,73%-ын құрайды.

Шығыстар ШҚЕ баланс валютасының 42,78%-ын құрайды.

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 1 394 637 963,05 мың теңге, компоненттер үшін мәнділік шегінің мәні 93 658 400,8 мың теңгені құрайды, мәнділік шегінен асып түсуі 14,89 есені құрайды. $(1\,394\,637\,963,05 / 93\,658\,400,8 = 14,89)$

Мәдениет және туризм басқармасының балансының түзетілген валютасы ШҚЕ баланс валютасының 0,41%-ын құрайды.

Кірістер ШҚЕ баланс валютасының 0,31%-ын құрайды.

Шығыстар ШҚЕ баланс валютасының 0,38%-ын құрайды.

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 18 048 918,05 мың теңге, компоненттер үшін мәнділік шегінің мәні 93 658 400,8 мың теңгені құрайды, мәнділік шегінен асып түсуі 0,19 есені құрайды.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының балансының түзетілген валютасы ШҚЕ баланс валютасының 3,17%-ын құрайды.

Кірістер барлығы ШҚЕ баланс валютасының 2,92%-ын құрайды.

Шығыстар барлығы ШҚЕ баланс валютасының 2,51%-ын құрайды.

Мәнділікті есептеу үшін біріктірілген көрсеткіші 128 351 621,0 мың теңге, компоненттер үшін мәнділік шегінің мәні 93 658 400,8 мың теңгені құрайды, мәнділік шегінен асып түсуі 1,37 есені құрайды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

ББӨ ШҚЕ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелерін білдіреді.

Қаржылық есептілікті жасау ақпараттық платформада «Е-Қаржы министрлігі» ИААЖ «Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау және шоғырландыру» кіші жүйесінде жүргізілген.

Қаржылық есептілік нысандарын жасаудың дұрыстығын бағалау үшін кіріс және шығыс сальдо аудиті, қаржылық есептілік нысандарының элементтері арасындағы сәйкестікті тексеру, қаржылық және бюджеттік есептіліктегі деректерді салыстыру жүзеге асырылды.

Аудиторлық іс шараның қорытындысы бойынша жалпы қаржылық бұзушылықтар сомасы **256 882 904,9 мың теңгені** құраған, оның қалпына келтіруге жататыны **256 882 904,9 мың теңге**. Аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есеп бойынша **197 702 871,2 мың теңге** қалпына келтірілген.

Сонымен қатар, 16 119 831,6 мың теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану фактісі орын алған.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 10 бірлікті құраған. Атап айтқанда:

Бухгалтерлік баланстың бұрмалаушылықтарын шоғырландыру

АКТИВТЕР	Жол коды	Қаржы басқармасы бойынша бұрмалаушылық	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша бұрмалаушылық	Мәдениет және туризм басқармасы бойынша бұрмалаушылық	ЖИЫНЫ
1	2	3	4	5	6
I. Қысқа мерзімді активтер					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	010		14 628,9	463,6	15 092,5
Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	019			2,6	2,6

Қорлар	020		287,8	165,9	453,7
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	110	117 700 015,4		208 500,5	117 908 515,9
Негізгі құралдар	114		53 925 865,8	443,1	53 926 308,9
Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар	115			133 740,0	133 740,0
Баланс активі бойынша жиыны		117 700 015,4	53 940 782,5	343 315,7	171 984 113,6
МІНДЕТТЕМЕЛЕР,	Жолдың коды				
ТАЗА АКТИВТЕР/КАПИТАЛ					
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер					
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	221			463,6	463,6
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер					0,0
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310	48 701 867,2	24 456 481,0		73 158 348,2
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	312	5 535 866,0			5 535 866,0
Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру	412			110 660,9	110 660,9
Баланс пассиві бойынша жиыны		54 237 733,2	24 456 481,0	111 124,5	78 805 338,7

Бұл кестеде байқалғандай, жоғарыда аталған ББӘ ұсынған қаржылық есептіліктеріне мемлекеттік аудит жүргізу барысында бухгалтерлік балансының актив бөлігінде жалпы сомасы 171 984 113,6 мың теңгеге, міндеттемелер, таза активтер/капитал бөлігінде жалпы сомасы 78 805 338,7 мың теңгеге бұрмалаушылықтар орын алған.

Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің бұрмалаушылықтарын шоғырландыру

Көрсеткіштер	Жол коды	Қаржы басқармасы бойынша бұрмалаушылық	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша бұрмалаушылық	Мәдениет және туризм басқармасы бойынша бұрмалаушылық	ЖИЫНЫ
1	2	3	4	5	6
Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер, соның ішінде:	010				0,0
Ағымдағы қызметті қаржыландыру	011			4 349,8	4 349,8
Трансферттер	014			2 963,0	2 963,0
Субсидиялар	015			512 190,0	512 190,0
Демеушілік және қайырымдылық көмек	016			21 876,7	21 876,7
Бюджетке түсетін салықтық кірістер	020			500,0	
Өзге кірістер	040			7 262,5	7 262,5
Кірістер, барлығы (010, 020, 030, 040-жолдардың сомалары)	100	0,0	0,0	549 142,0	549 142,0
Еңбекақы төлеу	111			931,8	931,8

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер	113			1 510,2	1 510,2
Қорлар бойынша шығыстар	114			6 467,1	6 467,1
Иссапар шығыстары	115			1 661,0	1 661,0
Коммуналдық шығыстар	116			9 712,4	9 712,4
Жалдау төлемдері	117			7 518,9	7 518,9
Активтердің амортизациясы	120			92 456,6	92 456,6
Өзге операциялық шығыстар	122			96 820,2	96 820,2
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар	123			20,6	20,6
Субсидиялар	132			21 876,7	21 876,7
Трансферттер	133			515 153,0	515 153,0
Өзгелер	134				0,0
Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер	136			512 190,0	
Шығыстар, барлығы (110, 130, 140, 150-жолдар сомасы)	200	0,0	0,0	1 266 318,5	1 266 318,5
Ұзақ мерзімді активтердің істен шығуы	220			1 529,1	1 529,1

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, ББӨ қаржылық қызмет нәтижелері туралы есебінде кірістер бөлімінде жалпы сомасы 549 142,0 мың теңге, шығыстар бөлімінде жалпы сомасы 1 266 318,5 мың теңгеге бұрмалаушылық орын алған.

Сонымен қатар ұзақ мерзімді активтердің істен шығуы 220-жол коды бойынша 1529,1 мың теңгеге бұрмалаушылық орын алған.

Анықталған бұрмалаушылықтардың экстраполяциясы

Көрсеткіштер	Шоғырландырылған есептілік бойынша	Аудитпен қамтылды	Қамту үлесі ((3)/(2)*100)	Анықталған бұрмалаушылықтар	Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар ((5)*100/(4))
1	2	3	4	5	6
Баланс активі	1 668 954 325,8	1 668 954 325,8	100,0	171 984 113,6	171 984 113,6
Баланс пассиві	1 668 954 325,8	1 668 954 325,8	100,0	78 805 338,7	78 805 338,7
Кірістер	3 304 623 480,2	3 304 623 480,2	100,0	549 142,0	549 142,0
Шығыстар	2 936 214 165,5	2 936 214 165,5	100,0	1 266 318,5	1 266 318,5

Бұл кестеде анықталған бұрмалаушылықтардың экстраполяциясын есептеу үшін шоғырландырылған есептіліктің баланс активінің сомасы 1 668 954 325,8 мың теңге, аудитпен қамту үлесі 100%. Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар 171 984 113,6 мың теңге.

Шоғырландырылған есептіліктің баланс пассиві 1 668 954 325,8 мың теңге, аудитпен қамту үлесі 100%. Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар 78 805 338,7 мың теңге.

Шоғырландырылған есептіліктің кірістері 3 304 623 480,2 мың теңге, аудитпен қамту үлесі 100%. Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар 549 142,0 мың теңге.

Шоғырландырылған есептіліктің шығыстары 2 936 214 165,5 мың теңге, аудитпен қамту үлесі 100%. Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтар 1 266 318,5 мың теңге.

Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейі

Көрсеткіштер (есептеудің негізі)	Базалық көрсеткіштің мәні (есептік жылдың соңындағы сальдо) мың теңге	Мәнділік процентінің мәні	Жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, мың теңге (1) x (2)
	1	2	3
Баланс активі	1 668 954 325,8	5%	83 447 716,3
Баланс пассиві	1 668 954 325,8	5%	83 447 716,3
Кірістер	3 340 642 555,2	2%	66 812 851,1
Шығыстар	2 972 233 240,5	2%	59 444 664,8

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, мәнділікті қаржылық есептіліктің екі нысанының қорытындылары бойынша айқындалды: баланс активі мен пассиві, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің кірістері мен шығыстары. Бұл ретте баланс валютасы үшін мәнділік 5% деңгейінде белгіленген. Кірістер мен шығыстар үшін - 2% деңгейінде. Бұл мәндер жалпы әлемдік практикаға сәйкеседі.

Мәнділік шегі

№9-кесте

Қысқарту процентін айқындайтын факторлар [1]:	Мәнділік шегі (жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділіктің мәні, тәуекелге байланысты 10%-ке, 25%-ке немесе 50%-ке азайтылған), мың теңге
Елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі – жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 10 %-і	
Елеулі бұрмалаушылықтардың орта тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 25 %-і	
Елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі - жалпы қаржылық есептілік үшін мәнділік деңгейінің 50 %-і	
Баланс активі	62 585 787,2
Баланс пассиві	62 585 787,2
Кірістер	50 109 638,3
Шығыстар	44 583 498,6

Бұл кестеде мәнділік шегі елеулі бұрмалаушылықтардың мынадай тәуекел деңгейіне қарай да түзетілуге жатады:

- елеулі бұрмалаушылықтардың жоғары тәуекелі кезінде мәнділік 50%-ке азайтылуы тиіс;

- елеулі бұрмалаушылықтардың орташа тәуекелі кезінде мәнділік 25%-ке азайтылуы тиіс;

- елеулі бұрмалаушылықтардың төмен тәуекелі кезінде мәнділік 10%-ке азайтылуы тиіс.

Баланс активінің сомасы 62 585 787,2 мың теңге.
(83 447 716,3 - (83 447 716,3 * 25%) = 62 585 787,2)

Баланс пассивінің сомасы 62 585 787,2 мың теңге.
(83 447 716,3 - (83 447 716,3 * 25%) = 62 585 787,2)

Кірістер сомасы 50 109 638,3 мың теңге.
(66 812 851,1 - (66 812 851,1 * 25%) = 50 109 638,3)

Шығыстар сомасы 44 583 498,6 мың теңге.
(59 444 664,8 - (59 444 664,8 * 25%) = 44 583 498,6)

Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтардың мәнін ШҚЕ бойынша мәнділік шегімен салыстыру

№10-кесте
мың теңге

ШҚЕ көрсеткіштері	Іс жүзінде анықталған бұрмалаушылықтар, мың теңге	Экстраполяция нәтижелері бойынша бұрмалаушылықтардың мәні, мың теңге	ШҚЕ бойынша мәнділік шегі, мың теңге	Мәнділік шегінен асып түскен бұрмалаушылықтардың болуы, мың теңге (3-4)
1	2	3	4	5
Активтер	171 984 113,6	171 984 113,6	62 585 787,2	109 398 326,4
Пассивтер	78 805 338,7	78 805 338,7	62 585 787,2	16 219 551,5
Кірістер	549 142,0	549 142,0	50 109 638,3	
Шығыстар	1 266 318,5	1 266 318,5	44 583 498,6	

Жоғарыдағы кестеде көрініп тұрғандай, мәнділік шегі мен экстраполяцияланған бұзушылықтарды салыстыру арқылы бухгалтерлік баланстың активтер бөлігінде мәнділік шегінен асып түскен бұрмалаушылықтар сомасы 109 398 326,4 мың теңгені құраған. (171 984 113,6 – 62 585 787,2 = 109 398 326,4)

Пассивтер бөлігінде бұрмалаушылықтар сомасы 16 219 551,5 мың теңгені құраған. (78 805 338,7 – 62 585 787,2 = 16 219 551,5)

Атап айтқанда **Қаржы басқармасы бойынша** 2023 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен **171 937 748,6** мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша 117 568 163,5 мың теңге қалпына келтірілген.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан орын алған, атап айтқанда:

1-тармақ. №640 Қағиданың 31 тармағының талаптары сақталмай, басқарма тарапынан тапсырылған 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайына

түзілген «Есепті кезеңге арналған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұзақ мерзімді инвестициялары жөніндегі ақпарат» бойынша жарғылық капиталы қаралған үлестері 100% мемлекетке қарайтын 2 субъекті 223 743,6 мың теңге жарғылық капиталымен көрсетілген, атап айтқанда «Open Turkistan» Түркістан ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталы 109 570,0 мың теңге және Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғылық капиталы 114 173,6 мың теңге.

Алайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Мемлекеттік мүлік тізілімі» туралы мәліметке сәйкес, Түркістан облысы бойынша барлығы 117 568 163,5 мың теңге жарғылық капиталы қарастырылған 99 субъекті тіркелген, немесе 97 субъектінің **117 344 419,9 мың теңгені** (117568163,5-223743,6) құрайтын жарғылық капиталдың сомасы есептілікте мүлдем көрсетілмеген.

Сонымен қатар, 2023 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған «Есепті кезеңге арналған шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» бойынша 110 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар» жол кодында **117 568 163,5 мың теңге** көрініс таппай, бухгалтерлік баланс бұрмаланған.

2-тармақ. №640 Қағиданың 31 тармағының талаптары сақталмай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Мемлекеттік мүлік тізілімі» туралы мәліметке сәйкес, Түркістан облысы бойынша дивидендтердің, қатысу үлесіне кірістердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің мөлшері 2023 жылы барлығы 131 851,9 мың теңге құраған және толық бюджетке аударылған.

Алайда, Қаржы басқармасы тарапынан түзілген 21-кесте «Дивиденттердің қатысу үлесіне кірістердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің мөлшері туралы ақпаратқа» сәйкес 2023 жыл ішіндегі қызмет қорытындылары бойынша аударуға жататын сома 9381,4 мың теңге көрсетілген, немесе **122 470,5 мың теңгеге** кем көрсетілген.

Сонымен қатар, осы аталған 131 851,9 мың теңге («Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының) 110-жолында көрініс таппаған, немесе түзілген ШҚЕ-1 нысаны **131 851,9 мың теңгеге** бұрмаланған.

3-тармақ. №640 Қағиданың 31 тармағының талаптары сақталмай, Қаржы басқармасы тарапынан түзілген 2023 жылдың 31 желтоқсанға аяқталған ШҚЕ-5 «Есепті кезеңге арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаның» 20 кестесінде «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер» бойынша 2023 жылға 47 934 928,0 мың теңге міндеттемелер көрсетілген.

Алайда, аудит барысында Қаржы басқармасы басшысы К.Елибаевтың қолы қойылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша ұсынылған

мәліметке сәйкес, түзілген келісім шарттардың сомасы 203 634 636,7 мың теңге құраған, атап айтқанда:

Көрсеткіштер	Жол коды	Шарта көзделген сома (мың теңге)	Шарт бойынша есептелген сома	
			барлығы	Оның ішінде есепті кезеңде
Басқарманың ШҚЕ бойынша:				
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер, барлығы	010	47 934 928,0	47 167 984,7	47 167 983,6
Нақты көрсетілуге жататын сома:				
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер, барлығы	010	203 634 636,7	147 456 284,6	47 934 925,4
Айырмасы:	010	155 699 708,8	100 288 299,9	766 941,8

Кестеде көрініп тұрғандай, МЖӘ шарттар бойынша міндеттемелер (шарта көзделген сома) бағанада 155 699 708,8 мың теңгеге, шарт бойынша есептелген сома бағанада 100 288 299,9 мың теңгеге және оның ішінде есепті кезеңде бағанада **766 941,8 мың теңгеге кем** көрсетілген.

4-тармақ. Сонымен қатар, №640 Қағиданың 31 тармағына сәйкес (шоғырландырылған қаржылық есептілікке ашылымдарда «Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер» деген бап бойынша (*«Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының 310-жолдары*) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша міндеттемелер жөніндегі ақпарат көрсетілуі тиіс), алайда аталған МЖӘ бойынша есепті кезеңге есептелген сомасы 47 934 925,4 мың теңге ШҚЕ-1 нысанының 310 «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер» жол коды бойынша көрініс таппаған, немесе 2023 жылдың 31 желтоқсанына түзілген шоғырландырылған бухгалтерлік баланс ШҚЕ-1 осы **47 934 925,4 мың теңгеге** бұрмаланып тапсырылған.

5-тармақ. №640 Қағиданың 31 тармағына сәйкес (*ШҚЕ ашылымдарда «Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер» деген бап бойынша («Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының 312-жолдары) активтерді жалдау бойынша кредиторлық берешек(лизинг) көрсетілуі тиіс*), алайда, ШҚЕ-1 нысанының 312 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» жол коды бойынша Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы бойынша 2 009 282,7 мың теңге және Түркістан облысының білім басқармасы бойынша 3 526 583,3 мың теңге лизингтің негізгі қарыздың қалдығы 5 535 866,0 мың теңгеге көрініс таппаған, немесе 2023 жылдың 31 желтоқсанына түзілген шоғырландырылған бухгалтерлік баланс ШҚЕ-1 осы **5 535 866,0 мың теңгеге** бұрмаланып тапсырылған.

Сонымен қатар 4 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

6-тармақ. №640 Қағиданың 13 тармағының талаптары сақталмай, Қаржы басқармасы тарапынан тапсырылған 2023 жылғы 31 желтоқсанға аяқталатын есепті кезеңге арналған шоғырландырылған ШҚЕ-1, ШҚЕ-2, ШҚЕ-3, ШҚЕ-

4,ШҚЕ-5 нысандар бойынша қаржылық есептіліктер 2024 жылдың 19 сәуірінде басқарманың бұрынғы басшысы А.Б.Тасыбаевтың қолымен тапсырылған. Басқарманың бұрынғы басшысы А.Б.Тасыбаев 2023 жылдың 4 желтоқсанында жұмыстан босатылған.

7-тармақ. Түркістан облысының Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының 2024 жылғы 3 қаңтардағы №19/5 «Жылдық қаржылық және бюджеттік есептілікті ұсыну мерзімі туралы» хатына сәйкес, аудандар мен басқармалардың есепті тапсыру мерзімі белгіленген.

№640 Қағиданың 11 тармағының *(ББӘ бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар белгіленген мерзімде ШҚЕ нысандардың толық көлемінде электрондық түрде ақпараттық жүйе арқылы ұсынады. Есепті беру күні оны АЖ арқылы беру күні болып есептеледі)* талаптары сақталмай, 25 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан және 17 аудан бойынша 2023 жылғы ШҚЕ «е-Қармин» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы белгіленген мерзімінен кешіктіріліп тапсырылған.

8-тармақ. №393 Қағиданың 21 тармағына сәйкес *(тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленеді және мемориалды ордерлермен-нысандар альбомының нысандары бойынша жинақтау ведомостерімен ресімделеді, оларға мынадай тұрақты нөмірлер беріледі: №1-№27 мемориалды ордер, қалған операциялар және «Сторно» операциялары бойынша жеке мемориалды ордерлер жасалады, олар әр ай үшін 28-нен бастап жеке нөмірленеді)* деп көрсетілген.

Алайда, Қаржы басқармасының бас кітабы бойынша №0 мемориалдық ордерде дебет бойынша 14 186 721 843,2 мың теңге және кредит бойынша 7 961 000 328,4 мың теңге көрсетілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының» 1-қосымшасына сәйкес шоттар жоспарында «0» шот жоқ.

Алайда, басқарманың бас кітабы бойынша «0» шот ашылып дебеті бойынша 1,0 мың теңге, кредиті бойынша 1 314 298 468,0 мың теңге көрсетілген.

9-тармақ. №640 Қағидаға сәйкес Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы ШҚЕ жасау мақсаты мүдделі адамдарды қаржылық қызметтің нәтижелері мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық жағдайының өзгерістері, қаржылық жағдайы туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады және 31 тармағына сәйкес «Бюджетке түсетін салықтық кірістер» деген бап бойынша «Шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба» ШҚЕ-5-нысанының 13-кестесіне сәйкес бюджетке салық түсімдерінен есептелген кірістердің сомалары, бюджетке түсетін түсімдерге әсер ететін негізгі факторлар туралы ақпарат және салық түсімдерінен түсетін кірістер бойынша өзге де ақпарат ұсынылады.

«Бюджетке түсетін түсімдерді азайту бойынша шығыстар» деген бап бойынша («Қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп» ШҚЕ-2-нысанының 137-жолы) «ШҚЕ түсіндірме жазба» ШҚЕ-5-нысанының 15-кестесіне сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер алдындағы бұрын есептелген кірістерді және аударылған кеден баждарын түзету кезінде туындайтын бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің азаюы бойынша шығыстар туралы ақпарат ұсынылады делінген.

№340 қағиданың 9 тармағына сәйкес *(Мемлекеттік кірістерді жинау жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері осы қағиданың қосымшаға сәйкес қалыптастыратын мемлекеттік кірістер органдарында олар бойынша есепке алу жүргізілетін Салық және бюджетке төленетін төлемдердің қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп бюджетке есептелген салықтық түсімдерді көрсету үшін бастапқы құжат болып табылады. «Е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған түсімдер бойынша есептердің нысандары есептелген түсімдердің өзге санаттарын көрсету үшін бастапқы құжаттар болып табылады)* деп көрсетілген.

Жиынтық есеп есепті жасау күніндегі төлемдер журналы мен салық төлеушілердің дербес шоттарының деректері негізінде толтырылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 18.04.2024 жылғы №МҚД-09-1-18/6272-И хатына сәйкес «Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ (БСН 001240004696) қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлем туралы 870.0 салық есептілік нысанын 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына тапсыру барысында 1 469 213 895 000,0 мың теңге сомасын қате көрсетіп тапсырғанын және Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 211-бабына сәйкес, салық төлеуші өзгерістер мен толықтыруларға қатысты болатын салықтық кезең үшін қосымша салықтық есептілік жасау арқылы салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы болуына байланысты, қайта кемітуге 1 469 213 895 000,0 мың теңге сомасын көрсетіп 870.0 нысанын қайта тапсырғаны көрсетілген.

Осылайша, Түркістан облысының қаржы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есепте кірістер мен шығыстар құрамында ШҚЕ тапсыру сәтіне толық кемітілген 1 469 213 895 000,0 мың теңге сомасы есепті кезеңнің қорытынды қаржылық нәтижесінің қалыптасуына әсер етпеген, алайда кірістер мен шығыстардың нақты айналымдарының мәндері көрсетілген сомадан кем екенін ескеру қажет.

Жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы ШҚЕ жасау мақсаты мүдделі тұлғаларды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржылық жағдайы, қаржылық қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайының өзгерістері туралы толық және анық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылатынын ескере отырып, Түркістан облысының ЖБ ШҚЕ 2023 жылға түзілген кезде

қаржылық қызметтің нәтижелері туралы анық толық және шынайы ақпарат қамтамасыз етілмеген.

Қаржы басқармасы тарапынан түзілген 2023 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған есепті кезеңге арналған ШҚЕ-2 «Есепті кезеңге арналған қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп» нысаны бойынша 020 жол коды «Бюджетке түсетін салықтық кірістер» бойынша есепті кезеңге 1 469 395 653 115,1 мың теңге және 137 жол коды «Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар» бойынша есепті кезеңге 1 469 249 914 075,0 мың теңге көрсетілген, айырмашылық **19 629 427,2 мың теңгені** құрайды.

Жергілікті бюджеттің ШҚЕ жасау процесінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 мамырдағы №340 бұйрығымен бекітілген «Республикалық, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте бюджет түсімдерін көрсету қағидаларының» салық түсімдерінен түсетін кірістер және жергілікті бюджеттің шығыстары туралы деректер асыра көрсету фактілері орын алуы кемшілігі бар.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 2023 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен **78 397 263,5 мың теңгеге** қаржылық бұзушылық анықталып, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша 73 586 814,9 мың теңге қалпына келтірілген.

Сонымен қатар, **16 119 831,6 мың теңгеге** бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану фактісі орын алған.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан орын алған, атап айтқанда:

1-тармақ. №393 Қағиданың 243-тармағына сәйкес *(негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі дұрыс құжатты ресімдеуді және мемлекеттік мекеме ішінде олардың ауысуының түсімі мен шығуын есепке алу тіркелімдерінде уақытылы көрсетуді, сондай-ақ әрбір объектінің сақталуы мен дұрыс қолдануын бақылауды қамтамасыз етуі тиіс)*, 244-тармағына сәйкес *(мемлекеттік мекеменің негізгі құралдары (автожолдар) 2330 «Құрылыстар» шотына есепке алынады)*.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Түркістан облысы бойынша филиалынан алынған 2024 жылғы 15 наурыздағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы № 101000042969649 анықтамаға сәйкес, пайдалануға қабылдау актілерімен баланстық бағасы **4 807 780,8 мың теңге** құрайтын

3 нысан басқармаға берілген, алайда бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбаған, атап айтқанда:

1) Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, 014 учаскесі, 124 кварталдағы бағасы көрсетілмеген нысан (зауыт ішіндегі автожолдар, жаяу жүргіншілер жолдары және тротуарлар 19:300:124:014:1), баланстық сомасы **1 397 933,6 мың теңгені** құраған;

2) Түркістан облысы, Төлеби ауданы, 061 учаскесі, 122 кварталдағы бағасы көрсетілмеген нысан (автожол 19:298:122:061:1), баланстық сомасы **349 485,8 мың теңге** құраған;

3) Түркістан облысы, Сауран ауданы, 079 учаскесі, 028 кварталдағы бағасы көрсетілмеген нысан (автожол 19:304:028:079:1) баланстық сомасы **3 060 361,4 мың теңге** құраған.

Басқарманың мәліметіне сәйкес қабылдау-тапсыру актілерімен басқармаға бағынысты «Оңтүстік жолдары» МКМ теңгеріміне берілген, алайда осы күнге дейін Әділет басқармасында тіркелмеген.

2-тармақ. №393 қағиданың» 196,197,198 тармақтарының және №468 қағиданың» 25-тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы, 020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған. Атап айтқанда барлығы **287,8 мың теңгенің** «Өзге материалдарға» жататын тауарлары бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбаған.

3-тармақ. Қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады. Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі дұрыс құжатты ресімдеуді және мемлекеттік мекеме ішінде олардың ауысуының түсімі мен шығуын есепке алу тіркелімдерінде уақытылы көрсетуді, сондай-ақ дұрыс қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

№468 Қағиданың 33 тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер» (310-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) 2023 жылдың 1 қаңтарына 4040 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер» шоты бойынша (Түркістан қаласындағы халықаралық әуежайы) **24 456 481,0 мың теңге** көрсетілмеген.

4-тармақ. №468 Қағиданың 27 тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» (114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) жалпы сомасы 49 118 085,0 мың теңге құрайтын негізгі құралдары (Түркістан қаласындағы халықаралық әуежайы) бухгалтерлік есепке уақытылы кіріске алмау салдарынан 2023 жылға түзілген жылдық бухгалтерлік баланс бойынша есепті кезеңнің басында және есепті кезеңнің соңында **49 118 085,0 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

5-тармақ. №393 қағиданың 258-1, 259, 260, 262, 265, 266, 267 тармақтарының талаптары сақталмай, 49 118 085,0 мың теңге құрайтын негізгі

құралдарды бухгалтерлік есепке уақытылы кіріске алмау салдарынан амортизация есептелінбеген.

6-тармақ. Азаматтық Кодексінің 338-3-бабы, 1-тармағының, 338-4-бабының 1, 2-тармақтарының және № 434 Заңының 25-бабы, 4,5 - тармақтарының, 43-бабының 12-тармағының, №393 Қағиданың 154 тармағы 2) тармақшасының талаптары сақталмай, жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісі кредиторлық берешекті қысқарту, атап айтқанда, мердігерлерге, жеткізушілерге немесе тиісті бюджетке ақша қаражатын мониторингтеу және қайтару бойынша іс-шаралар жүргізбеген. Аудитпен қамтылған кезеңде Басқарманың KZ690705022683502001 депозиттік шотында 2017-2021 жылдары қалыптасқан **14 628,9 мың теңге** мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы бүгінгі таңға дейін міндеттемесін толық орындаған әлеуетті өнім берушелердің есеп шоттарына немесе міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда конкурсына қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне жолданбаған.

Тиімсіз пайдаланған қаржы 16 119 831,6 мың теңгені құраған, атап айтқанда:

7-тармақ. Бюджет кодексінің 104-1 бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражатын жұмсаудан бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлағаны және (немесе) тиімсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Қаржы басқармасының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №465 «Мүліктерді беру туралы» бұйрығына сәйкес Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының теңгерімінен Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының теңгеріміне 2 көпір және 1 автомобиль жолы бекітіліп берілсін деп көрсетілген.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Түркістан облысы бойынша филиалынан алынған 2024 жылғы 15 наурыздағы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы № 101000042969649 анықтамаға сәйкес анықталғаны Басқарма атында тіркелмеген 2 көпірге **200207,3 мың теңгеге** күрделі жөндеу жұмыстары және 1 жолға **7 740 838,8 мың теңгеге** қайта жаңарту жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар, басқарма атында тіркелмеген 15 автомобиль жолдарына барлығы **8 178 785,5 мың теңгеге** орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар 5 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

8-тармақ. Қаржы басқармасының 2024 жылғы 3 қаңтардағы №19/5 «Жылдық қаржылық және бюджеттік есептілікті ұсыну мерзімі туралы» хатына сәйкес Басқарманың есепті мерзімі 2024 жылдың 24 қаңтары болып белгіленген.

№640 Қағиданың 11 тармағының талаптары сақталмай, басқарма тарапынан 2023 жылғы ШҚЕ «е-Қармин» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы 2024 жылдың 7 ақпанында тапсырылған, немесе уәкілетті органмен белгіленген мерзімнен кешіктіріліп тапсырылған.

9-тармақ. №423 Қағиданың 2-тарау, 4 тармақ 5) тармақшасының талаптары сақталмай, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан 2023 жылдың қорытындысымен уәкілетті органға тапсырған 2023 жылдың бухгалтерлік баланс бойынша тіркелген 20 751 582,9 мың теңгені құрайтын аяқталмаған құрылыстарға *(өтпелі құрылыстар қоса есептегенде)* түгендеу жұмыстары жүргізілмеген.

10-тармақ. №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 258-1, 259,260,262,265,266,267 тармақтарының және 1-қосымшасының талаптары сақталмай 49 118 085,0 мың теңгені құрайтын негізгі құралдарды бухгалтерлік есепке уақытылы кіріске алмау салдарынан амортизация есептелінбеген.

Сонымен қатар, осы 49 118 085,0 мың теңгені құрайтын негізгі құралдарға амортизация есептеуге және 24 251 358,0 мың теңгенің негізгі құралдары 2024 жылдың 1 қаңтарына бухгалтерлік есеп бойынша бір жолмен (негізгі құралдар жеке көрсетілмеген) кіріске алыну себебінен есептелген амортизацияның дұрыстығын тексеруге мүмкіндік болмады.

11-тармақ. №423 Қағиданың 2 тармағының талаптары сақталмай, басқарманың бухгалтерлік есебі бойынша айналым ведомостіне сәйкес барлығы 33 997 560,7 мың теңгеге негізгі құралдар тіркелген. Басқарма басшысының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №163 «Түркістан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының түгендеу комиссиясын құру және түгендеу жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес мекеме қызметкерлерімен негізгі құралдарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп 2023 жылдың 29 желтоқсанында №1 түгендеу тізімі (салыстыру ведомості) түзілген. Аталған түгендеу тізімінде барлығы 33 997 560,7 мың теңгенің негізгі құралдары көрсетілген, оның ішінде 24 251 358,0 мың теңгесі Түркістан қаласындағы халықаралық әуежай деп көрсетілген, немесе 49 118 085,0 мың теңгені құрайтын халықаралық әуежайдың негізгі құралдарына бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алмау салдарынан түгендеу жүргізілмеген.

12-тармақ. №393 Қағиданың 21 тармағына сәйкес *«тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленеді және мемориалды ордерлермен-нысандар альбомының нысандары бойынша жинақтау ведомостерімен рәсімделеді, оларға 1-мемориалды ордер мен 27-мемориалды ордер аралығында тұрақты нөмірлер беріледі. Қалған*

операциялар және «Сторно» операциялары бойынша Нысандар альбомының 274 нысанды жеке мемориалды ордерлер жасалады, олар әр ай үшін 28-ден бастап жеке нөмірленеді» делінген.

Алайда, Басқарманың бас журнал кітабы бойынша 2023 жылдың желтоқсан айында №0–мемориалдық ордермен 12 711 734,7 мың теңге дебиторлық және 2 829 607,6 мың теңге кредиторлық, барлығы 15 541 342,3 мың теңге берешектер көрсетілген.

Мәдениет және туризм басқармасы бойынша 2023 жылдың бюджетінің ШҚЕ жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысымен 6 547 892,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылық анықталып, аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есеп бойынша 6 547 892,8 мың теңге толығымен қалпына келтірілді.

Анықталған қаржылық бұзушылықтар бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан орын алған, атап айтқанда:

1-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының және №640 қағиданың 22,23 тармақтарының талаптары сақталмай, ШҚЕ-1 нысанын басқармаға бағынысты мекемелердің бухгалтерлік балансының жиынтық есебінің ұқсас баптарын жолма-жол қосу барысында жалпы сомасы **221 603,8 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

2-тармақ. №393 Қағиданың 142,236,237,243,244,245,246 тармақтарының және №281 есепке алу шоттарының жоспарының 5-тарау 2 бөлімінің 16 тармағының және №468 Қағиданың 27-тармағының талаптары сақталмай 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «Негізгі құралдар» бабы (115-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны) бойынша жалпы **133 740,0 мың теңгеге** бұрмалау орын алған. Атап айтқанда өнім беруші «Қазақ мүсін» ЖШС тарапынан 2023 жылдың 13 желтоқсанда №1 атқарылған жұмыстар туралы акті 53 496,0 мың теңгеге және 2023 жылдың 21 желтоқсанда №2 атқарылған жұмыстар туралы акті 80 244,0 мың теңгеге, немесе барлығы 133 740,0 мың теңгеге «Әмір Темір монументалды сәндік мүсіндік композициясын» орнатып тапсырған, алайда басқарма тарапынан ДТ 7140 «Өзге ағымдағы шығыстар» - КТ 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» бухгалтерлік тізбе беріліп 133 740,0 мың теңге негізсіз есептен шығарылған.

3-тармақ. №393 қағиданың» 196, 197, 198 тармақтарының және №468 қағиданың» 25-тармағының талаптары сақталмай, 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы, 020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны бойынша бұрмалаушылық орын алған. Атап айтқанда барлығы **165,9 мың теңгенің** «Өзге материалдарға» жататын тауарлары бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбаған.

Бюджет Кодексінің 115-бап 2 тармағына сәйкес қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық болып табылады.

№234 Заңының 5-бап 2 тармағына сәйкес түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары болып табылады.

№393 Қағиданың 2-тарау 4 тармағына сәйкес қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады, 3-тарау 33 тармақшасына сәйкес қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары түсініктілік, орындылық, дұрыс беру, салыстырмалылық, уақтылық және тексерушілік болып табылады.

4-тармақ. Бюджет Кодексінің 115-бап 2 тармағының, №234 Заңының 5-бап 2 тармағының (түсініктілік, орындылық, сенімділік және салыстырмалылық қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары), №393 Қағиданың 2-тарау 4 тармағының (қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты), 3-тарау 33 тармақшасының талаптары және №640 Қағиданың 31 тармағының талаптары сақталмай, Басқарма тарапынан 2023 жылғы 31 желтоқсанына тапсырылған «Есепті кезеңге арналған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұзақ мерзімді инвестициялары жөніндегі ақпарат» бойынша жарғылық капиталы қаралған үлестері 100% мемлекетке қарайтын жарғылық капиталы 109 570,0 мың теңге құрайтын «Open Turkistan» Түркістан ақпараттық орталығы» ЖШС көрсетілген.

Алайда, аудит барысында аудит объектісінің ұсынған құжаттарына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №33 қаулысымен «Көліктік-логистикалық аймағы» басқарушы компаниясы» ЖШС «Open Turkistan» Түркістан ақпараттық орталығы» ЖШС болып қайта аталып, жарғылық капиталы 98 930,5 мың теңгені құраған. Түркістан облысының әкімдігінің 2022 жылғы 17 қазандағы №199 қаулысымен «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен 065 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 109 570,0 мың теңге мөлшерінде қаражат аудару жолымен «Open Turkistan» Түркістан ақпараттық орталығы» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту қарастырылған, немесе ЖШС жарғылық капиталы 208 500,5 мың теңге құраған.

Демек, жоғарыда аталған «Есепті кезеңге арналған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұзақ мерзімді инвестициялары жөніндегі ақпарат» және «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1 нысанның 110 жолы «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар» бойынша «Open Turkistan» Түркістан ақпараттық орталығы» ЖШС-ның жарғылық капиталы **98 930,5** мың теңгеге кем көрсетіліп, есептілік бұрмаланған.

5-тармақ. Бюджет кодексінің 118-бабының, №393 қағиданың 4,6,12,15 тармақтарының, №640 қағиданың 24 тармағының талаптары сақталмай, ШҚЕ-2 нысаны бойынша кірістер және шығыстар бөлігінде жолма – жол қосу барысында жалпы сомасы есепті кезеңге **1 695 642,1** мың теңгеге, өткен

кезеңге **121 347,5 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алғаны анықталған. Атап айтқанда қаржылық қызмет нәтижелері туралы шоғырландырылған есебінің ШҚЕ-2 нысанының кірістер бойынша жалпы сомасы есепті кезеңге 519 452,5 мың теңге, өткен кезеңге 29 689,5 мың теңгеге және шығыстар бойынша жалпы сомасы есепті кезеңге 1 176 189,6 мың теңге, өткен кезеңге 91 658,0 мың теңгеге бұрмалаушылық орын алған.

6-тармақ. Сонымен қатар, Бюджет кодексінің 118-бабы, №393 Қағиданың 4,6,12,15 тармақтары, №640 Қағиданың 25-тармағының (ШҚЕ-3 "Ақша қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс)" нысанының баптарын шоғырландыру ұқсас баптарды жолма-жол қосу арқылы жүзеге асырылады) талаптары сақталмай, ШҚЕ-3 нысаны бойынша жалпы сомасы есепті кезеңге **2 797 831,0 мың теңге**, өткен кезеңге **1 478 632,0 мың теңгеге** бұрмалаушылық орын алған.

Сонымен қатар 1 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталған, атап айтқанда:

7-тармақ. №393 Қағиданың 21 тармағына сәйкес (*тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленеді және мемориалды ордерлермен-нысандар альбомының нысандары бойынша жинақтау ведомостерімен рәсімделеді, оларға 1-мемориалды ордер мен 27-мемориалды ордер аралығында тұрақты нөмірлер беріледі. Қалған операциялар және «Сторно» операциялары бойынша Нысандар альбомының 274 нысанды жеке мемориалды ордерлер жасалады, олар әр ай үшін 28-ден бастап жеке нөмірленеді*) делінген.

Алайда, басқарманың бас журнал кітабы бойынша 2023 жылдың желтоқсан айында №0–мемориалдық ордермен 3 229 198,9 мың теңге дебиторлық және 2 732 642,5 мың теңге кредиторлық, барлығы 5 961 841,4 мың теңге берешектер көрсетілген.

Аудиттің негізгі нәтижелері көрсеткендей бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтар орын алған.

Анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар негізінен нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолданбау салдарынан орын алып, бұзушылықтар мен кемшіліктер жүйелі болған.

Қазақстан Республикасы ҚМ ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасына және Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына 2023 шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дұрыстығына аудит жүргізген.

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасында жүргізілген аудит нәтижесімен қаржылық және шаруашылық операцияларды жасау кезінде белгіленген нормалардың талаптарының сақталмауына жол берілгені анықталған. 2023 жылғы 30 маусымдағы есепті кезеңге тапсырылған ШҚЕ нысандарындағы 1 662 248,3 мың теңге бұрмалаушылық деректері 2023

жылдың 31 желтоқсанындағы ШҚЕ нысандарында өзгертулер жүргізіліп, қалпына келтірілген. Сондай-ақ, негізгі құралдарға дұрыс шоттың берілмеуі, амортизацияның дұрыс есептелмеуі мен жартыжылдық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ҚЕ нысанына бухгалтерлік есепке алу шоттарындағы деректердің дұрыс көшірілмеуі бойынша бұзушылықтар анықталды. Жалпы ШҚЕ бойынша аудиторлық есеп ескертпесі бар пікірмен қабылданған.

Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында жүргізілген аудит нәтижесімен қаржылық және шаруашылық операцияларды жасау кезінде белгіленген нормалардың талаптарының сақталмауына жол берілгені анықталған. 2023 жылғы 30 маусымдағы есепті кезеңге тапсырылған ШҚЕ нысандарындағы 1 146 360,9 мың теңге бұрмалаушылық деректері 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы ШҚЕ нысандарында өзгертулер жүргізіліп, қалпына келтірілген. Сондай-ақ, негізгі құралдарға дұрыс шоттың берілмеуі, амортизацияның дұрыс есептелмеуі мен жартыжылдық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ҚЕ нысанына бухгалтерлік есепке алу шоттарындағы деректердің дұрыс көшірілмеуі бойынша бұзушылықтар анықталды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы «Мақтарал мүгедек балаларды оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ҚЕ-1 нысаны және бюджеттік ибағдарлама әкімшісінің ШҚЕ-1 нысанында 6 695,6 мың теңге көлемінде қызметкерлер алдындағы кредиторлық қарыз көрсетілмеген. Жалпы ШҚЕ бойынша аудиторлық есеп ескертпесі бар пікірмен қабылданған.

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 07.06.2024 жылғы №19/1110 хатымен аудиторлық есепке қарсылықтар келіп түсті.

Аталған аудиторлық есепке жазылған қарсылық Тексеру комиссиясында қаралып, қарсы пікір есепке алынбағандығы жөнінде 11.06.2024 жылғы № 42-09/1326 хатпен жауап берілді.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

«Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс шараның қорытындысы бойынша жалпы қаржылық бұзушылықтар сомасы **256 882 904,9 мың теңгені** құраған. Аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша барлығы **197 702 871,2 мың теңге** қалпына келтірілді.

Сонымен қатар бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 16 119 831,6 мың теңге және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 10 бірлік құрады.

Мемлекеттік аудит объектілері барлық анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар байқалуына байланысты ӘҚБтК-нің 238-бабына сәйкес әкімшілік істерді қарауға Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне **3 материал** жолданды. Қазіргі таңда әкімшілік істер өндірісте.

Бұдан бөлек, ӘҚБтК-нің 234-1-бабына сәйкес Тексеру комиссиясымен 1 лауазымды тұлғаға қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына 1 материал жолданды.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында және Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін, мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

1. Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер

- басқарманың журнал бас кітабындағы №0 –мемориалдық ордеріне тиісті түзетулер енгізіліп, журнал бас кітап қалпына келтірілді;

- 2023 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған «Есепті кезеңге арналған шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» бойынша 110 «Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялар» жол кодындағы 117 568 163,5 мың теңге бұрмалаушылық қалпына келтірілді.

2. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша аудит жүргізу барысында:

- 2022 жылы сатып алынған жалпы сомасы 287,8 мың теңгені құрайтын қорлар кіріске алынды (02.05.2024 жылғы №13, 14, 15 хабарлаулар);

- 24 456 481,0 мың теңгені құрайтын ұзақ мерзімді міндетемелер қалпына келтірілді (10.04.2024 жылғы №2 бухгалтерлік анықтамамен);

- 49 118 085,0 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар кіріске алынып, қалпына келтірілді (10.04.2024 жылғы №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 хабарлаулармен);

- басқарманың KZ690705022683502001 депозиттік шотында 2017-2021 жылдар аралығында қалыптасқан 14 628,9 мың теңге кредиторлық берешектің 11 961,1 мың теңгесі салыстыру актілерге сәйкес әлеуетті өнім берушілердің есеп шоттарына қайтарылды (оның ішінде: 11.04.2024 жылғы №2683502/24-166 төлем шотымен 2 596,7 мың теңге, 18.04.2024 жылғы №2683502/24-185 төлем шотымен 30,0 мың теңге, 18.04.2024 жылғы №2683502/24-186 төлем шотымен 5 024,7 мың теңге, 28.03.2024 жылғы №2683502/24-153 төлем шотымен 1 060,8 мың теңге, 28.03.2024 жылғы №2683502/24-154 төлем шотымен 609,1 мың теңге, 28.03.2024 жылғы №2683502/24-155 төлем шотымен 1 550,4 мың теңге, 28.03.2024 жылғы №2683502/24-156 төлем шотымен 3,2 мың теңге, 09.04.2024 жылғы №2683502/24-164 төлем шотымен 429,8 мың теңге, 09.04.2024 жылғы №2683502/24-165 төлем шотымен 592,4 мың теңге, 11.04.2024 жылғы №2683502/24-167 төлем шотымен 64,0 мың теңге);

- басқарманың бас журнал кітабындағы №0 –мемориалдық ордерне тиісті түзетулер енгізіліп, бас журнал кітап қалпына келтірілді.

3. Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы бойынша аудит жүргізу барысында:

- бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-1 нысаны бойынша жалпы сомасы 221 603,8 мың теңгеге бұрмалаушылық қалпына келтірілді (13.05.2024 жылғы бухгалтерлік анықтамамен);

- 133 740,0 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді (13.05.2024 жылғы №3 хабарлаумен);

- 165,9 мың теңге құрайтын қорлар бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынып, қалпына келтірілді (13.05.2024 жылғы №1, 2 хабарлаумен);

- басқарманың бас журнал кітабындағы №0 –мемориалдық ордерне тиісті түзетулер енгізіліп, журнал бас кітап қалпына келтірілді;

- бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-2 нысаны бойынша кірістер және шығыстар бөлігінде жалпы сомасы есепті кезеңге 1 695 642,1 мың теңгені, өткен кезеңге 121 347,5 мың теңгені құрайтын бұрмалаушылық қалпына келтірілді (13.05.2024 жылғы бухгалтерлік анықтамамен);

- бухгалтерлік баланстың ШҚЕ-3 нысаны бойынша жалпы сомасы есепті кезеңге 2 797 831,0 мың теңге, өткен кезеңге 1 478 632,0 мың теңгеге бұрмалаушылық қалпына келтірілді (13.05.2024 жылғы бухгалтерлік анықтамамен).

Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында «Open Turkistan» туристік ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталы бойынша **98 930,5 мың теңге** бұзушылықтар қалпына келтірілді (Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 сәуірдегі №73 қаулысымен «Open Turkistan» туристік ақпараттық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталы қайта бекітілді).

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: Жергілікті бюджеттің ШҚЕ-де елеулі бұрмалаулардың болуы. (Өлшем маңыздылығы – мемлекеттік аудит объектісі қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге әсер ететін өзге де қателіктер көрсеткіші негізінде қалыптастырылды).

Біздің пікірімізше, ШҚЕ бойынша аудиторлық есепте сипатталған аспектілердің әсерінен басқалары, 2023 жылдың 31 желтоқсан жағдайына жасалған ШҚЕ ескертпелермен деген пікір білдіру үшін негіз болып табылады және барлық маңызды аспектілерде қызметінің бухгалтерлік баланс, қаржылық нәтижелері және жылдық ақша қаражаттарының қозғалысы, таза актив/капитал, түсіндірме жазба №640 қағиданың талабы жеткілікті деңгейде басшылыққа алынбаған.

Алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының есепті кезең - 2023 жылға жасалған ШҚЕ-де жосықсыз әрекеттермен немесе қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың болуын негізге алып, Әкімшінің ШҚЕ бойынша **ескертумен пікір** білдірілді.

Алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы есепті кезең - 2023 жылға жасалған ШҚЕ жосықсыз әрекеттермен немесе қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың болуын негізге алып, Әкімшінің ШҚЕ бойынша *ескертумен пікір* білдірілді.

Алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы есепті кезең - 2023 жылға жасалған ШҚЕ жосықсыз әрекеттермен немесе қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың болуын негізге алып, Әкімшінің ШҚЕ бойынша *ескертумен пікір* білдірілді.

Анықталған бұзушылықтар негізінен:

-бухгалтерлік есепті жүргізу және жергілікті бюджеттің ШҚЕ қалыптастыру барысында заң талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмауы;

-дебиторлық, кредиторлық берешектерінің бухгалтерлік есепте көрсетілмеуі;

-қорлар мен негізгі құралдарды бухгалтерлік есеп бойынша теңгерімге алмауы;

-аяқталмаған құрылыс жұмыстарына түгендеу жұмыстары жүргізілмеуі;

-ББӨ активтерді жалдау бойынша (лизинг) кредиторлық берешектер бойынша көрініс таппауы;

-дивиденттердің, қатысу үлесіне кірістердің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің бір бөлігінің мөлшері туралы ақпараттың бұрмалануы;

-ББӨ шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есебінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыру және толтыру бойынша көрініс таппауынан орын алған.

Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері ББӨ қызметкерлерінің өз функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы, лауазымды адамдар құзыретінің жеткіліксіз деңгейі, басшы құрам тарапынан ББӨ қызметкерлерінің заңнама нормаларын сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі болып табылады.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін анықталған қаржылық бұзушылықтар қалпына келтірілгені назарға алынсын.

3.Түркістан облысы әкімдігі және мәслихат аппаратына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

4.«Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін 2024 жылдың 1 қаңтарындағы «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының 110-жолында көрініс таппаған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің дивидендтері мен таза табысының бөлігі бойынша кірістердің бюджеттік сыныптамасының тиісті кодына аударылған және бюджетке аударылған **131 851,9** мың теңге қаржылық есеп бойынша қалпына келтірілсін;

2) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін 2024 жылдың 1 қаңтарындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікте «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер» бойынша есепті кезеңде кем көрсетілген **766 941,8** мың теңге қаржылық есеп бойынша қалпына келтірілсін;

3) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін 2024 жылдың 1 қаңтарындағы «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының 310 «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер» жол кодында көрініс таппай «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттар бойынша міндеттемелер» бойынша бұрмаланған **47 934 925,4** мың теңге қаржылық есеп бойынша қалпына келтірілсін;

4) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін 2024 жылдың 1 қаңтарындағы «Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс» ШҚЕ-1-нысанының 312 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» жол коды бойынша лизингтің негізгі қарыздың қалдығы бойынша бұрмаланған **5 535 866,0** мың теңге шоғырландырылған қаржылық есептілік қалпына келтірілсін;

5) 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аудиторлық іс-шарамен анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды назарға ала отырып, облыстық, аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінде аталған бұзушылықтарға жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдауды, сондай-ақ, шоғырландырылған қаржылық есептілікті «Е-Қаржы министірлігі» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде сапалы қалыптастыру бойынша техникалық сабақ-семинар ұйымдастырып өткізу ұсынылады;

6) 2024 жылдың 01 тамызына дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

5. «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін Басқармаға пайдалануға берілген, алайда бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбаған баланстық құны 4 807 780,8 мың теңгені құрайтын 3 автожол бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынсын;

2) 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін **2 667,8 мың теңге** мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз ету сомасы бүгінгі таңға дейін міндеттемесін толық орындаған әлеуетті өнім берушелердің есеп шоттарына немесе міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда тиісті бюджеттің кірісіне қайтарылсын;

3) 2024 жылдың 01 тамызына дейін Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

6. «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына:

1) 2024 жылдың 01 тамызына дейін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнаманың талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 7 парақта.